

ТАҒЫМ

Қазақ даласына қырғидай тиген колхоздастыру заманының лаңы оңай тиген жоқ. Атамыз Бибазар Қыдыр дарыған, дәулетті әулетіне қызмет еткен, елге сыйлы, ортасына қадірлі кісі болғанын күні кешеге дейін көнекөз қариялар айтып отыратын. Ақтылы қойлы, үйірлі жылқылары өріске сыймай, жайлаудың сөнін келтіріп жатады екен. Бәйге аттары алыс-жақынды дүбірлі той-думандарда доданың алдын бермей жүлдемен оралыпты.

Бибазар байдың аты Әулиеата өңіріне кеңінен мәлім болған деседі. Құдай берген осы есепсіз малдан әп-сәтте айырылу оңай ма? Кәмпескеге ілінген бай қысастық пен қорлыққа шыдамай, 63 жасында дүниеден озады, «Жұт жеті ағайынды» деген, сол жолы байдың отбасынан жеті адам дүниеден өтіпті.

Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын ағайынның көрсетуімен байдың үш баласы Байсары, Сәдуақас, Жакыпбайды колхозға алмай қойған. Халықтың «Нағашысы жақсы қандай-ды, жоғынды сырттан қамдайды» дегені рас келіп, ағайындылар Түркісіб темір жолын жағалап, Құмшағал стансасының Қазарма, Күркіреу су разьездеріне жұмысқа тұрады. Әкеміз Байсары қырық жыл бойы темір жолда тер төгіп, Еңбек Қызыл Ту ордені Құрметті теміржолшы атанды. Әкеміздің тұңғышы, әулеттің нәубеттен

# Мақтанышым Мақажан аға

кейінгі қуанышы Мақажан аға еді.

1938 жылы өмірге келген Мақажан аға соғыс аяқталған жылы мектеп табалдырығын аттап Бибазаровтар әулетін қуанышқа бөлейді. Әжеміз Алмагүлдің айтуынша, Мақан жастайынан зерек болған. Жасынан қолына қалам алып, табиғатты, тіршілікті айнытпай сурет қылып салады екен. Алтыншы, әлде жетінші сыныпта оқып жүрген кезде ауылға мотоцикл айдап келген жігіттің көлігін сұрап мініп, зырылдатып айдапты. Сонда өзіне таңғалғандарға «Мен бұл адамның мотоциклін қалай оталдырғанын, жүргізгенін, тоқтатқанын мұқият бақылап тұрдым, бар болғаны соны қайталадым» депті жайбарақат.

Жамбылдағы №38-ші мектеп-интернатты үздік бітірген Мақажан нағашы ағасы Үйсін екеуі ҚырМУ-дың механика факультетіне құжат тапсырады, Мақажан жолы болып оқуға түскенімен, Фрунзе қаласында қалғысы келмейді. Себебі, Үйсіннің балы жетпеген соң одан қалғысы келмей, ауылға қайтқан. «Жан Жолдасы Үйсінді жалғыз қайтырғысы келмеген шығар» деп ойлаймын осы күні. Достыққа адалдық деген осы шығар.

Содан №12-ші қалалық кәсіптік-техникалық училищесіне оқуға түсіп, тепловоз машинисі мамандығын алып шығады. Екі жыл Арыс пен Шудың арасында



жолаушы тасымалдайтын тепловоз машинисі болып еңбек етеді. Одан Кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын Мәскеу қаласында өтейді. 1964 жылы Жамбыл гидромелиорациялық институтының құрылыс факультетіне түседі. Жас маман «Жамбылхимстрой» тресіне қызметке тұрады. Ірі құрылыс мекемесінің қазанында шындалған жас маман еңбекке деген тындырымдылығын танытып, 1972 жылы сол трестің өндірістік құрылыс материалдары комбинатының бас инженері қызметіне жіберіледі. Сол жылдары Қаратау-Жамбыл аумақтық химия комплексінің құрылысы басталып, жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық, техникалық қауіпсіздігін бақылауға білікті маман ретінде таңдау

Мақажан Базаровқа түсті. Алып құрылыстың аясында еңбек еткен қыруар жұмысшының проблемасы жеткілікті еді. Адам тағдырына сергек қарау, өндірісте жазатайым жарақат алғандарға жәрдемақы төлеу, зейнетке шығару – осының бәрі іскерлікті, адамгершілікті керек ететін. Осы талаптар Мақажан ағаның бойынан табылғанын көпшілік әлі күнге дейін айтып отырады. Осы қызметтегі адал қызметі үшін ол кісі мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Бұл күнде өмірден озған Мақажан ағамен 57 жыл отандасып, тату-тәтті отбасын құрған асыл жеңешем Тазақұл Молдашқызы бізге әрқашан құрметті, сыйлы. Ол ұзақ жылдар «Мир», «Еңбек» К.Әзірбаев атындағы кинотеатрларының директоры болып халыққа қызмет етті. Қазір құрметті еңбек демалысында.

Мақан әке жолын қуып тепловоз машинисі болып алғаш еңбек жолын бастаған еді. Енді аталар дәстүріне адал балалары Ержан Тараздағы темір жол демосында тепловоз, электровоз ауысымның бастығы болып, Нұрлан осы салада, қызы Алтынай Тараз қалалық салық инспекциясында жемісті еңбек етуде.

**Оспанәлі БИБАЗОВ,**  
зейнеткер.

Тараз қаласы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл облысында, Талас ауданында, Қызылау ауылдық округінде, Көктал ауылында 110/10кВ КС станцияларын салу жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Тапсырыс беруші – «Новотэкс» ЖШС, 080800, ҚР, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Арбатас көшесі, 13 үй, БСН 160440019155, тел. 87017185609.

Жобаны әзірлеуші – «KZ Project EXPO-2017» ЖШС (87051554450), Қоршаған ортаға әсерін бағалау – «Баркас» ЖК (87023282718).

Жергілікті атқарушы орган – Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, upr.taraz@zhambyl.gov.kz.

Талқылауға жататын жобалық құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылатын болады <https://ecoportal.kz> жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде 2023 жылғы 5 мамыр бастап бес жұмыс күні ішінде.

**Құрметті Тараз қаласының тұрғындары мен қонақтары!**

**29 сәуір күні сағат 09.00-де** Орталық алаңда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеде Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Меркі, Қордай, Талас, Шу, Мойынқұм, Сарысу, Т.Рысқұлов аудандары мен Тараз қаласы тауар өндірушілерінің өнімдері ұсынылады (ет, сүт және шұжық өнімдері, жұмыртқа, күнбағыс майы, ұн, макарон, бал, жеміс-жидек пен көкөніс).

Сонымен қатар, жәрмеңкеде жұмыспен қамту орталығы арқылы мемлекеттік бағдарламасымен грант алған кәсіпкерлердің өнімі шығарылады.

Жәрмеңкеге барлығыңызды шақырамыз!

*Тараз қаласының әкімдігі*

Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, №14 үйдің тұрғыны Екатерина Булатовна Ергазиеваның арызы бойынша Тараз қалалық сотымен Булат Балмурзиевич Ергазиевты (ЖСН 560531301239) 31.05.1956 жылы Атырау қаласында туған, қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды.

Азамат Б.Б.Ергазиев туралы мәліметтері бар тқлғалар, бұл жарияланым берілген күннен бастап 3 ай мерзімде Тараз қалалық сотына судья М.К.Исаеваға хабарлауыңызды сұраймыз.